

Жинақтаушы зейнетакы қорларын мәжбурлеп тарагу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 79 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 24 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4237. Құші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 212 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 212 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорларын мәжбүрлеп тарату
е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап мыналардың күші жоғылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын еріксіз тарату, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы активтерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беруді жүзеге асыру және ерікті немесе еріксіз таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетін қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктері туралы ережені бекіту жөнінде" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 69 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2815 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын еріксіз тарату, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беруді жүзеге асыру және ерікті немесе еріксіз таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетін қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы" 2004 жылғы 15-наурыздағы N 69 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006

жылғы 9 қаңтардағы N 7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4040 тіркелген).

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (Мұқашева А.М.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он қүндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төраға

1 1 с ә у і р 2 0 0 6 ж ы л

(қолы, күні, елтаңбалы мөрі)

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Ақпарат және мұрағаттар
к о м и т е т і
Т ө р а ф а

11 сәуір 2006 жыл

(қолы, күні, елтаңбалы мөрі)

Қазақстан
нарығын
реттеу

Республикасы
және
мен

Қаржы
қадағалау

Қаржы
ұйымдарын
агенттігі

**Жинақтаушы зейнетақы қорларын
мәжбүрлеп тарату туралы
Ереже**

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларын мәжбүрлеп тарату ережесі (бұдан әрі - Ереже) жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Қаржырын мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Ережені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) барынша төмен баға - лот бұдан төмен бағамен сатылмайтын баға;
2) бастапқы баға - әрбір лот бойынша сауда-саттық басталатын және лоттың бағалау бағасынан төмен болмайтын баға;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторы - таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорына азаматтық-құқықтық және өзге міндеттемелерден туындастын мүліктік талаптары бар тұлға;

4) көзделмеген шығыстар - мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кідіртуге болмайтын қажеттілікке арналған тарату комиссиясының жоспарланбаған шығындары;

5) кредиторлар комитеті - кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлары құрамынан

құралып

отырған

орган;

6) кредиторлар талаптарының тізілімі - уәкілетті орган бекіткен, белгіленген мерзімде жарияланған және тарату комиссиясы таныған, кредиторлардың талап етулерін көрсететін құжат;

7) құндылықтар - Қазақстан Республикасының валюталық құндылықтары, банкноттары және монеталары, бағалы қағаздар, қатаң есепті бланктер және құндызы заттар;

8) лот - сату үшін бөлінбейтін бірліктерге бөлініп, аукционға шығарылған мүлік;

9) мерзімді баспасөз басылымы - тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

10) сату бағасы - сауда-саттық нәтижесінде белгіленген лоттың соңғы бағасы;

11) сату объектісі - таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының сауда-саттыққа жеке (дербес) бірлік ретінде немесе бірнеше бірліктермен бір лотқа шоғырландырып, өзге мүлік ретінде шығарған мүлкі;

12) сатушы - таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы;

13) сатып алушы - сатушымен сатып алу-сату шартын жасасқан сауда-саттық жеңімпазы;

14) сауда-саттық жеңімпазы - сауда-саттықта лот үшін барынша жоғары баға үсінған қатысушы;

15) сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастыруышы (аукционшы) - таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы немесе сауда-саттықты өткізу жөнінде тарату комиссиясымен қызмет көрсету туралы шарт жасасқан және оның қорытындысының қандай болатынына мүдделі емес жеке немесе заңды тұлға;

16) сауда-саттыққа қатысушы - сауда-саттықты ұйымдастыруышы белгілеген тәртіппен сауда-саттыққа қатысу туралы өтініш берген және сауда-саттықты ұйымдастыруышы оны қатысушы ретінде тіркеген жеке немесе заңды тұлға;

17) сауда-саттықтың ағылшын әдісі - лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадам бойынша лот үшін қатысушылардың бірі барынша жоғары баға берген сәтке дейін көтеріле беретін сауда-саттық әдісі;

18) сауда-саттықтың голланд әдісі - лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадаммен лот үшін қатысушылардың бірі жарияланған баға бойынша сатып алуға келісім берген сәтке дейін төмендей беретін сауда-саттық әдісі;

19) тарату комиссиясы - жинақтаушы зейнетақы қорының тарату рәсімдерін жүргізу барысында жинақтаушы зейнетақы қорының істерін аяқтау және оның

кредиторларымен есеп айырысуын қамтамасыз ету мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын, жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы уәкілетті орган шешім қабылдаған жағдайда тағайындалатын (босатылатын) орган;

20) тарату комиссиясының шығыстары - жинақтаушы зейнетақы қорының мәжбүрлеп таратылу барысындағы тауарлардың, жұмыстың және қызметтің тұтынылуына байланысты шығындар (бұдан әрі - тарату шығыстары);

21) тарату, конкурстық масса - жинақтаушы зейнетақы қорының істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуын қамтамасыз етуге арналған таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының активтері;

22) тарату массасын мақсатсыз жұмсау - уәкілетті органмен келісілген немесе кредиторлар комитеті бекіткен, тарату шығыстары сметасында көзделмеген шығындарды жүзеге асыру;

23) тарату шығыстарының бекітілген сметасы - тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органмен келісе отырып бекіткен немесе кредиторлар комитетімен бекіткен, тиісті уақыт кезеңіне арналған смета;

24) тарату шығыстарының сметасы - белгілі бір уақыт кезеңіндегі тарату комиссиясы болжамдап отырған шығындарды көрсететін құжат;

25) тарату өндірісі - жинақтаушы зейнетақы қорының істерін аяқтаушы және оның кредиторларымен есеп айырысуын қамтамасыз етуші заңды тұлға ретіндегі жинақтаушы зейнетақы қорының қызметтің тоқтату рәсімі;

26) таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қоры - сот шешімі заңды құшіне енуіне байланысты мәжбүрлеп тарату барысында болып отырған жинақтаушы зейнетақы жүзеге асыру және қоры;

27) таратылып отырған жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі - құндық бағасы бар және тарату, конкурстық массаға енгізілген мүліктік иғіліктер мен құқықтары жиһніткесінде анықталған заңды тұлға ретіндегі жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкінің сақталуын қамтамасыз ететін және жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын орган;

28) уақытша әкімшілік (уақытша әкімші) - жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешім құшіне енген күннен бастап және уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңде жинақтаушы зейнетақы қоры мүлкінің сақталуын қамтамасыз ететін және жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын орган;

29) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Жинақтаушы зейнетақы қоры банкрот деп танылған жағдайда оның таратылуы осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тaraу. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп таратуды жүргізу тәртібі

4. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне ену күні мәжбүрлеп тарату процесінің басталуы болып табылады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген күннен бастап:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңын 45-2-бабының 6-тармағында көзделген салдарлар туындаиды;

2) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңын 45-2-бабының 6-тармағының екінші бөлігінде көзделген шаралар іске асырылады;

3) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атынан немесе соның есебінен жүзеге асатын іс-әрекеттер егер оларды жинақтаушы зейнетақы қорының таратылатын комиссиясының төрағасы не осы іс-қимылдарды жасау үшін ол берген сенімхат бар тұлға жасаған жағдайда заңды күші болады;

4) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүліктік талаптарына қатысты соттың атқаруышы құжаттарын тарату комиссиясы Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген кезектілік тәртібімен орындауга береді.

Ескерту. 5-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп таратуға байланысты барлық шығыстар осы жинақтаушы зейнетақы қорының өз қарожаты есебінен ғана жасалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі болмаған не оның құны шығыстарды жабуға жетпеген жағдайларда жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) және тарату комиссиясының құрамына енген уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге байланысты шығыстарды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату жөнінде сот қабылдаған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау жөніндегі шығыстарды және мәжбүрлеп тарату негізінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуын әділет органдарының мемлекеттік тіркеуіне байланысты және жинақтаушы зейнетақы қорын тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды сактау үшін мұрағатқа тапсыру

жөніндегі шығыстарды қоспағанда, мәжбүрлеп тарату негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтату жөніндегі шығыстарды уәкілетті органның қаржыландыруына тыйым салынады.

3-тaraу. Тарату комиссиясы

7. Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап оған жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін және ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер өтеді.

Тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорының басшылығынан немесе уақытша әкімшіліктен (уақытша басқарушыдан) он жұмыс күні ішінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру (осындағы бар болса) құқығына берілген лицензиялардың түпнұсқаларын және жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттарын және мүлкін қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдап алады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының лицензияларының түпнұсқалары тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайта үлгі тиіс.

Тарату комиссиясы кредиторлармен және акционерлермен есеп айырысады аяқтауды қамтамасыз ету жөніндегі істі қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы қорының ісін аяқтау үшін шаралар қабылдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атынан іс-әрекет жасайды және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауда тәуелсіз.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорын тарату рәсімін тарату комиссиясының төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Жұмыс жоспары жарты жылға бөлу арқылы бір жылға жасалады және тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде уәкілетті органға беріледі. Бұдан әрі, тарату комиссиясы жұмыс Жоспарын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың онынши күнінен кешіктірмей береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

9. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысына басшылық жасайды және оның қызметінің Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылуына дербес жауап береді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін тарату комиссиясының мүшелерінің санынан төраға тағайындастын орынбасар орындаиды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

10. Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдары не өкілдіктері болған жағдайда, оларды жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының сол жерде құрылған бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады.

11. Бөлімшеге тарату комиссиясы мүшелерінің арасынан тарату комиссиясының төрағасы тағайындастын бөлімше басшысы (бұдан әрі - бөлімше басшысы) басшылық жасайды.

Бөлімше басшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген және оған тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхат негізінде жүзеге асырады.

Бөлімше басшысы және бөлімше тарату комиссиясының төрағасына есеп береді.

12. Бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бөлімшениң қызметіне және жинақтаушы зейнетақы қорының филиалын не өкілдігін таратуды жүзеге асыруға жауап береді.

13. Тарату комиссиясы мүшесінің, тарату комиссиясы бөлімше басшысының құқықтары мен міндеттері, еңбекке ақы төлеу талаптарын қоса алғанда тарату комиссиясының төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартында (келісім-шартта) айқындалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

14. Тарату комиссиясының төрағасы оның қызметіне шұғыл басшылықты жүзеге асырады, бөлімшелердің және олардың басшыларының қызметіне бақылау жасайды.

Тарату комиссиясының төрағасы осы Ережеге сәйкес кредиторлар комитетінің өкілеттіктеріне кіретін мәселелерді қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату ісінің мәселелері бойынша шешімдерді дербес қабылдайды, тарату ісінің барысында туындастын мәселелерді шешумен байланысты шарттарға, сенімхаттарға, бұйрықтарға, өкімдерге және басқа құжаттарға қол жақтады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттікі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

15. Тарату комиссиясының төрағасы, бөлімшелерінің басшылары мен мүшелері жинақтаушы зейнетақы қорына тарату барысында жинақтаушы зейнетақы қорына зиян келтіру, өкілеттікті теріс пайдалану, сондай-ақ басқа да жол берілген жөнсіздіктері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауап береді.

Таратылатын заңды тұлғаның (оның басқару органдарының, басшы қызметкерлерінің) тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасын теріс мақсатта пайдалану немесе басқа да тәртіп бұзу фактілері анықталған жағдайда тарату комиссиясы белгіленген тәртіппен бұл жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлауы, сондай-ақ уәкілетті органға мәлімдеуі тиіс.

16. Тарату комиссиясы мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде талап қою тәртібін, мерзімін және кредиторлардың өз талап-шағымдарын (өтініштерін) қоюына құқылы мекен-жайды міндепті түрде көрсете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы ақпаратты орталық әділет органдарының реесми баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде кешіктірмей жариялады;

2) тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мүлікті және онымен жасалған мәмілені тіркеуді жүзеге асыратын органдарды, сондай-ақ осы жинақтаушы зейнетақы қорының бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысын жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы хабардар етеді және тарату комиссиясы жасамайтын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін басыбайлы беру жөніндегі мәмілені тіркеуге тыйым салуды, сондай-ақ кепіл ұстаушы болып табылатын таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкінен ауыртпалықты алып тастауға тыйым салуды белгілеуді;

2-1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы салық органдарына хабарлайды;

3) жинақтаушы зейнетақы қорын тарату бойынша міндептердің тарату комиссиясына жүктелгенін растайтын құжатты жинақтаушы зейнетақы қорының басшыларына қол қойдыра отырып таныстырады;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының басшыларынан, не жинақтаушы зейнетақы қорының uaқытша экімшілігінен (жинақтаушы зейнетақы қорының uaқытша басқарушысынан) қабылдау-өткізу туралы акт жасай отырып,

жинақтаушы зейнетақы қорының мөртабандарын, мөрлерін, электронды ақпарат тасымалдаушыларын, бағдарламалық қамтамасыз етуін, бланкілері мен басқа да барлық құжаттарын тез арада талап етеді;

5) қабылдау-өткізу актісі бойынша активтерді, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін қабылдайды;

6) жинақтаушы зейнетақы қорының кассасына тез арада түгендеу жүргізеді, Ереженің 51-тармағымен көзделген кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимитін қоспағанда, ақша қалдығын таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шоттарына есептейді;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының банктік шоттарын салыстырып тексереді, оларды жабады және таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының теңгемен және қажет болғанда шетел валютасымен ағымдағы шоттарын ашады;

8) жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім және тарату комиссиясының тағайындалғаны туралы хабарландыруды жинақтаушы зейнетақы қорының клиенттері (кредиторлары) үшін көрнекі жерге орналастырады;

9) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес басшы қызметкерлерді, қажет болғанда өзге қызметкерлерді де жұмыстан босатады;

10) жинақтаушы зейнетақы қорының активтері мен міндеттемелеріне түгендегі жүргізді;

11) жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін анықтайды;

12) жинақтаушы зейнетақы қорын тарату мақсаттарына сәйкес активтерін басқарады;

13) жинақтаушы зейнетақы қорының атынан сотта талап қояды және мүддесін білдіреді;

14) жинақтаушы зейнетақы қорының бағдарламалық қамтамасыз етуін және электронды ақпарат тасымалдаушыларын, сондай-ақ басқа да ақпараттарын сақтауды қамтамасыз етеді;

15) толық материалдық жауап беретін адамдар тобын, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізудің және жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық және басқа да есебін жасаудың электронды жүйесіне кіре алатын адамдарды белгілейді және олармен толық материалдық жауапкершілік туралы шартты жасайды;

16) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының істері белгіленген заңнамалық тәртіппен қабылданған соң жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттарын сақтауды ұйымдастыруға жауапты адам тағайындалады;

17) жинақтаушы зейнетақы қорының тарату процесі басталған күнге

электронды түрдегі есепке алу-бухгалтерлік ақпаратты шығарады. Мұндай ақпарат электронды түрде жоқ болған жағдайда қағазға шығарылған ақпарат негізге алынады;

18) кредиторлар тізімін жасайды, қолда бар құжаттар бойынша олардың мекен-жайларын белгілейді және талдау есебінің деректерімен салыстырады;

19) алынып тасталды

20) алынып тасталды

21) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторларының талаптарының заңдылығын анықтайды және оларды жинақтаушы зейнетақы қорының бекітілген аралық тарату балансына және кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес қанағаттандырады;

22) өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін еңбек шарттарын, қызметті өтелмелі көрсету шарттары бойынша тұлғаларды жұмысқа қабылдайды;

23) жинақтаушы зейнетақы қорын таратудың барлық кезеңі бойына жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі мен құжаттарының сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

24) жарты жылда бір рет мерзімді баспасөз басылымдарында жинақтаушы зейнетақы қорындағы тарату өндірісінің барысы туралы ақпарат жариялады;

25) уәкілдегі органның талап етуі бойынша тарату өндірісіне қатысты мәліметтерді ұсынады;

26) жинақтаушы зейнетақы қорының тарату туралы есебін, тарату балансын жасайды және оларды келісу үшін уәкілдегі органға жібереді;

27) жинақтаушы зейнетақы қорын тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтауға өткізеді және бұл жөнінде уәкілдегі органға мәлімдейді;

28) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Ескеरту. 16-тармаққа озгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

17. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шоты оның бас оғисі тұрған жерде екінші деңгейдегі банкте ашылады.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының осы Ереже бойынша көзделген касса лимитінен басқа, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің бас оғисінің ағымдағы шотына есептеледі.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының алдындағы берешегі жоқ заңды жеке тұлғалардың жазбаша талабы бойынша тарату комиссиясы талаптарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы

қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айырылғаннан кейін түскен ақшаны қайтаруды жүзеге асырады.

Ескеरту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен .

17-1. Тарату комиссиясының бөлімшелері ағымдағы шоттарын теңгеде және қажет болғанда шетел валютасында өзінің екінші деңгейдегі банкінің түрған жері бойынша мұна мақсаттарда ашады:

1) касса қалдығының лимитін белгілейтін осы Ереженің 51-тармағын сақтау;

2) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының бас оғисінің тарату комиссиясының тарату комиссиясы бөлімшелерінің кассасын осы Ережеге сәйкес шығыстарды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлармен есеп айырысуарды жүзеге асыру үшін қолма-қол ақша төлемеу тәртібімен ақшаны аударым жасау арқылы толықтыру;

3) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының бас оғисінің ағымдағы шотына ақшаны аудару;

Жинақтаушы зейнетақы қорының және оның филиалдарының (өкілдіктерінің) тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы белгіленген тәртіппен таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының екінші деңгейдегі банктегі ашылған ағымдағы шоттарын жабады .

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

18. Уәкілетті орган белгілеген мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы орындалған жұмыс туралы есептерді, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты да ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдары мен өкілдіктерінде өз қызметін жүзеге асыратын бөлімшелер орындалған жұмыс туралы есепті тарату комиссиясының төрағасына ұсынады.

4-тaraу. Тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту

19. Тарату өндірісіне, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындастын шығыстар кредиторлар комитетімен бекітілген смета шегінде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан

кезектен тыс және тұрақты жасалады.

Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін, оның ішінде тарату комиссиясы төрағасына және оның мүшелеріне төленетін төлемдер мөлшерін қосқандағы тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органмен келісе отырып, тарату комиссиясының төрағасы бекітеді.

Тарату өндірісінің шығыстары олардың пайда болуына қарай тарату массасынан төленеді.

Тарату массасын мақсатсыз жұмсауға, сондай-ақ екі айдан артық мерзімге тарату шығыстары қаражатын резервте сақтауға жол берілмейді.

Ескеरту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

20. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының төрағасына және оның мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлердің әр қайсысына төленетін ай сайынғы сыйақы мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген барынша төмен жалақының он есе мөлшерінен аспауы тиіс.

21. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының шығыстарын тәртіпке келтіру мақсатында тарату комиссиясы өз қызмет кезеңінде тарату комиссиясының тарату шығыстарының сметасы осы Ереженің 1-косымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

22. Тарату комиссиясы, уәкілетті орган және кредиторлар комитеті таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату шығыстары сметасын қалыптастыру, келісу және бекіту кезінде тарату шығыстарының нақтылық, негізділік, орындылық, шыншылдық принциптерін басшылыққа алып жұмыс істейді.

Тарату шығыстарының нақтылық принципі тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру кезінде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының нақты қаржылық жағдайын, оның ішінде кредиторлар алдындағы берешектер көлемін негізге алуды болжайды.

Тарату шығыстарының негізділік принципін тарату өндірісінің белгілі бір кезеңінде болжанып отырған шығындардың объективті қажеттігі деп түсіну қажет.

Орындылық принципі тарату комиссиясы жасап отырған шығындар алға қойылған мақсатқа сәйкес келетіндігін білдіреді, яғни тарату өндірісін аяқтауға және таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторларымен есеп

а й ы р ы с у ғ а

б а ф ы т т а л ғ а н .

Тарату шығыстарының шыншылдық принципі жасалған (жоспарланған) шығындарды тарату комиссиясының құжаттамалық растауы арқылы көрінеді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

23. Тарату комиссиясы тарату шығыстары сметасын қалыптастыру кезінде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының қандай да бір кесіби қызметпен айналыспайтындығын негізге алады және тарату комиссиясының негізгі міндеті таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының істерінің аяқталуы, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтай отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлармен және акционерлерімен есеп айырысу жөнінде шаралар көру болып табылады.

24. Тарату шығыстары сметасында қажет ету шегіне байланысты мынадай шығын баптары көзделеді :

- 1) қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары;
- 2) бюджетке аударым жасау;
- 3) әкімшілік шығыстар;
- 4) тарату өндірісін жүзеге асыру үшін қажет тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу жөніндегі шығыстар;
- 5) іссапар шығыстары;
- 6) көздөлмелеген шығыстар.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

25. Қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары мынадай шығындарды көздейді: тарату комиссиясы төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының бар филиалдарын ескере отырып, еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу.

Шығыстарда мынадай сомалар көрсетіледі:

- 1) лауазымды жалақы;
- 2) мемлекеттік бюджетке аударылатын табыс салығы;
- 3) міндетті зейнетақы жарналары.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 48-бабына сәйкес қызметкерлердің еңбекақы төлеу талаптарын тарату комиссиясы өзгерте алады.

Еңбекті төлеуге арналған шығыстарға сондай-ақ, қызметті өтмелі көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығындар енгізіледі.

Ескеरту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

26. Кредиторлар комитеті тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне, сондай-ақ тартылған қызметкерлерге қосымша төлем жасау - қосымша төлем жасауды жүзеге асыру туралы барлық белгілі тұлғаларға шешім қабылдануына қатысты кредиторлардың талаптарын нақты қанағаттандыру сомасының үш процентінен аспайтын мөлшерде олардың жұмыс қорытындысы бойынша

бекітілуі мүмкін.

Тарату комиссиясының құрамына енгізілген уәкілетті органның қызметкерлерін қоспағанда, тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қосымша төлем жасау кредиторлармен есеп айырысу толық аяқталған соң бір жолғы тәртіппен тағайындалады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

27. Еңбекке ақы төлеу бөлігіндегі тарату шығыстары сметасын қалыптастыру кезінде есеп айырысулар жасалған еңбек шарттарына және жұмысқа қабылдау жөніндегі бүйіректарға, өтелмелі қызмет көрсету шарттарына негізделеді.

Қызметкердің енбегіне ақы төлеу шығыстарының бабы штат кестесіне сәйкес қалыптасады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

28. Бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының салықтық заңнамаларының талаптарына сәйкес жасалады.

29. Әкімшілік шығыстар мыналар үшін көзделуі мүмкін:

1) қызметтік және шаруашылық қажеттіліктер үшін көлік жалдау қызметі;

2) байланыс қызметі (телекоммуникациялық шығыстар, телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, пошта және анықтамалық қызмет бойынша шығыстар);

3) үйлер мен ғимараттарды (меншікті және кепіл мүлікті) күзету және сигнализация қызметі;

4) көлікті күзету қызметі;

5) көлік үшін тұрақ ұсыну қызметі;

6) көлікті тіркеу қызметі;

7) көлікті техникалық жағынан қарау қызметі;

8) көлікті сақтандыру қызметі;

9) коммуналдық қызмет;

10) ағымдық жөндеу, мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтарға техникалық, сервистік қызмет көрсету (қарау);

11) үй-жайды жалдау;

12) тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы тіркеу жөніндегі қызмет;

13) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет;

14) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі қызмет;

15) жылу жүйесін іске қосуға дайындық жасау қызметі;

16) сантехникалық жұмыстар;

17) мүлікті сақтау жөніндегі қызмет;

18) мемлекеттік баж салығын төлеу;

19) нотариатта куәландыру жөніндегі қызмет;

20) мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру жөніндегі қызмет;

21) терезе, есіктерге тортөз дайындау және қою жөніндегі жұмыстар;

22) аукциондар өткізу жөніндегі қызмет;

23) сараптама жасау жөніндегі қызмет;

24) аудит өткізу жөніндегі қызмет;

25) құжаттарды аудару жөніндегі қызмет;

26) телефон нөмірлерін қою, ауыстыру және қолға алып жүру жөніндегі қызмет;

27) акционерлердің тізілімін актуалды жай-күйде ұстау үшін қажет тіркеуші қызметі;

28) құжаттардығыны-техникалық өндіреу жөніндегі қызмет және оларды мұрағатта өткізу;

29) таратуды тіркеу үшін алым төлеу қызметі.

Жұмыс пен қызметке толем жасау тұрақты және бір жолғы сипатта болуы мүмкін.

30. Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған және мыналар үшін қажетті жол берілген барынша төмен қор құру үшін тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу жөніндегі шығыстар:

1) жұмыс жағдайындағы офицілік жабдықтарды ұстау;

2) көлік құралдарын ұстау;

3) үй-жайды ұстау;

4) қағаз және бланктік өнімдерді сатып алу;

5) кеңсе тауарларын сатып алу;

6) жанар-жағар май материалдарын сатып алу.

Ескеरту. 30-тармаққа езгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

31. Тарату комиссиясы сатып алу үшін әртүрлі қызмет пен тауар-материалдық құндылықтарды шығыстар сметасына енгізу кезінде есеп айырысу осы өнірде белгіленген тарифтік сеткалар мен орта рыноктық бағалар негізінде жасалады.

32. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің шығу шығыстары тарату шығыстарының сметасында көзделген қаражат шегі бойынша жүзеге асырылады.

Іссапарларға жіберілген қызметкерге бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы төленеді, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларындағы бес есе айлық есептік көрсеткіштен, облыс орталықтарындағы төрт есе айлық есептік көрсеткіштен және аудан орталықтарындағы үш есе айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі, іссапарға жіберілген жерге жету және кері тұрақты жұмыс орнына қайту шығыстары өтеледі.

32-1. "Көзделмеген шығыстар" шығын бабы бойынша шығыстардың басқа бабы бойынша артық шығыстың болуына, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген тәртіппен келісілуі не бекітілуі мүмкін қажетті шығыстарға байланысты шығыстарды жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

33. Жоспарланып отырған және жасалған шығыстарды тарату комиссиясы уәкілетті органға шарттар, шот-фактуралар, чектер және өзге растаушы құжаттарды беру жолымен растайды.

34. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы оны уәкілетті орган тағайындағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тарату шығыстары сметасын қалыптастырады және оны келісу үшін уәкілетті органға шығыстар сметасын әрбір бап бойынша қалыптастыру кезінде осы Ереженің 22-тармағымен көзделген принциптерді сақтауды көрсететін түсіндірме жазбамен береді.

Филиалдық желісі бар жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін тарату шығыстарының шоғырландырылған сметасына енгізу үшін тарату комиссиясының бөлімшелері белгінде тарату шығыстары сметасын жасау бойынша тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді.

Ескерту. 34-тармаққа езгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

35. Жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың онына дейінгі мерзімнен кешіктірмей тарату комиссиясы келісу үшін тарату шығыстарының сметасын уәкілетті шығыстар сметасын әрбір бап бойынша қалыптастыру кезінде осы Ереженің 22-тармағымен көзделген принциптерді сақтауды көрсететін түсіндірме жазбаның қосымшасымен органға береді.

Ескеरту. 35-тармаққа езгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

36. Тарату комиссиясының төрағасы тарату шығыстарының сметасына езгерістер мен толықтыруларды тек уәкілетті органмен келісе отырып енгізеді.

37. Кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген соң тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасын тоқсан сайын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың бесінен кешіктірмей кредиторлар комитетіне бекітуге береді.

Тарату шығыстарының сметасы тоқсан аясындағы әрбір ай бөлігі бойынша жасалады.

38. Кредиторлар комитеті тарату комиссиясы ұсынған тарату шығыстарының сметасын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың он бесінен кешіктірмейтін мерзімде қарайды және бекітеді.

39. Кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасын тарату комиссиясы кредиторлар комитеті бекіткен күннің ертеңіне уәкілетті органға ұсынады.

40. Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының нақты қаржылық жай-күйін негізге алып және тарату комиссиясының орындаған жұмысын ескеріп, тарату комиссиясының төрағасы бекітілген тарату шығыстарының сметасына алдын-ала міндетті түрде кредиторлар комитеті бекітетін өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

41. Тарату шығыстарының сметасын келіскең немесе бекіткен орган оның орындалуына бақылау жасайды.

41-1. Тарату шығыстарының сметасы мынадай жағдайларда келісуге (бекітуге) жатпайды:

1) тарату комиссиясының осы Ереженің 22-тармағымен көзделген тарату шығыстары сметасын қалыптастыру принциптерін сақтауын көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынбауы;

2) жоспарланған (жасалған) шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынбауы.

Ескерту. 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

41-2. Уәкілетті орган тарату шығыстары сметасын келісе немесе онымен келісуден бас тарту туралы жинақтаушы зейнетақы қорының тарату

комиссиясына жазбаша нысанда хабарлама жібереді.

Кредиторлар комитетінің тарату шығыстары сметасын бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешімі хаттамамен ресімделеді.

Ескеरту. 41-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

42. Басқа бір бап бойынша ұнем жасай отырып, екінші бір шығын бабы бойынша артық шығындар жасалуына жол берілмейді.

43. Тарату комиссиясының тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органмен келіскенге дейін немесе кредиторлар комитеті бекіткенге дейін шығыстар жасауына жол берілмейді.

5-тaraу. Тарату комиссиясының кассалық тәртіп сақтау талаптары

44. Тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері, кассирі, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қолма-қол ақша мен құндылықтардың сақталуын, бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді, тарату комиссиясының кассасына түсken ақшаның уақтылы кіріске алынуына бақылауды жүзеге асырады.

45. Тарату комиссиясының төрағасы бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар тұлғаларды анықтайды.

Бір кассирі бар тарату комиссияларында оны ауыстыру қажет болған жағдайда кассирдің міндетін атқару тарату комиссиясы төрағасының жазбаша бұйрығымен басқа қызметкерге жүктеледі.

46. Қолма-қол ақша операцияларымен жұмысты орынданап отырған, сондай-ақ өзге құндылықтарға рұқсаты бар тарату комиссиясының қызметкерімен толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалады.

47. Қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау күзет, өрт және дабыл сигнализациясы құралдармен бекітілген және жабдықталған, сейфтермен немесе жанбайтын металл шкафтармен жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-тармаққа езгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

Ескерту. 48-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

49. Тарату комиссиясы кассасының (бұдан әрі - касса) жұмысы аяқталған соң ақшаны және құндылықтарды сақтайтын үй-жай бір комплектісі кассирде, екіншісі - бас бухгалтерде, не тарату комиссиясының төрағасында болатын кілттермен жабылады және тарату комиссиясының мөрімен жабылады.

50. Кассада жасалатын қолма-қол ақшамен операциялардың есебі "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Занына, қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалады.

51. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығының қунделікті лимиті бекітілген ай сайынғы шығыстар сомасын негізге алып, мына шектер бойынша анықталады:

ай сайынғы шығыстар	касса қалдығының күн сайынғы лимиті	бөлімшелердегі касса қалдығының күн сайынғы лимиті
5 миллион теңгеге дейін	- 20 мың теңге	- 20 мың теңге
5 - тен	миллион	т еңг е г е
дейін	- 40 мың теңге	- 20 мың теңге
10 - наң	миллион	т еңг е г е
дейін	- 100 мың теңге	- 20 мың теңге
20 миллион теңгеден жоғары	- 150 мың теңге	- 20 мың теңге

52. Осы Ереженің 51-тармағында белгіленген күн сайынғы лимит сомасы жоғарылап кеткен жағдайда тарату комиссиясының кредиторлармен есеп айрысулады жүргізу мақсатында мүлікті сатудан, дебиторлық берешекті өндіріп алудан алған қолма-қол ақшаны сақтауы ақшаны алған құнді қоспағанда, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

53. Қолма-қол ақшаны кассаға қабылдау тарату комиссиясының бас бухгалтері және кассирі қол қойған кассалық кіріс құжаттары бойынша (қолма-қол ақшаны алып жүргүре хабарлама және кассалық кіріс ордері) жасалады және кассалық кіріс журналында қүн ішінде жалпы сомасы көрсетіледі.

Кассаға басқа құндылықтарды қабылдау баланстан тыс ордерлермен ресімделеді.

54. Кассаға қабылданған қолма-қол ақша (оның ішінде дебиторлық берешекті өтеу есебінен және мүлікті сатудан алынған ақша) кассаға сол күні кіріске а л ы н а д ы .

Ескеरту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

55. Кассадан қолма-қол ақшаны беру кассалық шығыс ордерлері бойынша жасалады.

Басқа құндылықтарды беру баланстан тыс ордерлер бойынша ресімделеді.

56. Қолма-қол ақшаны кассалық шығыс ордері бойынша беру кезінде кассир немесе оның орнындағы адам алушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуін талап етеді, құжаттың атауын және нөмірін, кім және қашан бергенін жазып алады.

57. Қолма-қол ақшаны кассир немесе оның орнындағы адам тек кассалық шығыс ордерінде көрсетілген адамға ғана береді.

58. Егер ақшаны беру белгіленген тәртіп бойынша ресімделген сенімхат бойынша жасалса, онда ордер мәтініндегі ақшаны алушының фамилиясы, аты-жөнінен кейін кассир ақшаны алуға сенім білдірілген адамның фамилиясы, аты-жөнін көрсетеді. Егер ақша ведомость бойынша берілген болса, онда ақшаны алу үшін қол қоятын орынның алдына кассир "Сенімхат бойынша" деп жазба жарайды.

Сенімхат кассирде қалады және кассалық шығыс ордеріне немесе ведомостке қосылып тігіледі.

59. Кассалық операциялар нәтижесінде пайда болған және кассалық құжаттар бойынша ресімделмеген ақшаның және құндылықтардың артық шығуы немесе кем шығуы тиісінше кіріске алынады немесе акт жасала отырып, кассирден төлөттіріп алынады.

60. Қолма-қол ақшаны беруге арналған құжаттарға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері және кассирі қол қояды, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қол қояды.

61. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің және тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу әрбір алушыға кассалық шығыс ордері жасалмай төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосі бойынша жасалады.

62. Төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосінің бірінші бетінде (аты көрсетілген) қолма-қол ақшаның берілгендігі туралы рұқсат беру жазбасы тарату комиссиясының төрағасының және бас бухгалтерінің қолмен, қолма-қол ақшаны беру мерзімін және сомасын жазбаша көрсету арқылы жасалады.

63. Жалақы төлеудің белгіленген мерзімі өткен соң кассир:

- 1) төлем ведомосіне төлем жасалмаған адамның фамилиясының қарсы тұсына штамп қояды немесе қолымен "Депонирленген" деп белгі қояды;
- 2) депонирленген соманың тізілімін жасайды;
- 3) ведомостің аяғында жалақының нақты төленген сомасы мен депонирлеуге

жататын жалақының алынбаған сомасы туралы жазба жасайды, осы сомаларды төлем ведомосінің жалпы жиынтық сомасымен салыстырады және өзінің
қ о л ы м е н б е к і т е д і ;

4) ведомостегі нақты төленген соманы және кассалық шығыс ордерінің нөмірін көрсетеді.

64. Тарату комиссиясының қызметкерлеріне қолма-қол ақша тарату өндірісіне байланысты мақсаттар үшін есепті түрде беріледі.

Ақшаны есепті түрде берудің негіздемесі тарату комиссиясының бас бухгалтері және төрағасы қол қойған осы шығыстардың (тарату комиссиясының баянжазбасы, есептері және басқалар) қажеттігін негіздейтін құжаттарды тиісті жағдайда ресімдеу болып табылады.

Ескеरту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

65. Алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде есепті түрде берілген сомалар, іссапар мерзімі аяқталған күнгі іссапарлық шығыстар бойынша есепті тұлғалар алынған сомалардың қойылған мақсат бойынша жұмсалғанын растайтын құжаттарды береді (барлық растаушы құжаттар қоса берілген аванстық есептер, тауарлардың төлемі және көрсетілген

қ ы з м е т т у ր а л ы ч е к т е р).

Есепті түрде берілген ақша оларды алған күннен бастап, ал іссапарлық шығыстар іссапар аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай жағдайларда қайтарылуы тиіс:

- 1) мақсатқа лайық пайдаланылmasa;
- 2) мақсатқа лайық пайдаланылатындығын растайтын құжаттар болmasa.

Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

66. Кассалық кіріс құжаттары, кассалық шығыс ордерлері және баланстан тыс ордерлер нақты және түсінікті етіп толтырылады. Бұл құжаттарда ешқандай өшіру, түзетіс немесе түзету, тіпті келісілгендеріне де жол берілмейді.

Кассалық шығыс ордерлерінде оларды жасау негіздемелері және оған қоса беріліп отырған құжаттар атап көрсетіледі.

67. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері қосымшаларымен бірге күні, айы және жылы көрсетіліп, кассирдің немесе оның орнындағы адамның "Алынды" немесе "Төленді" деген қолымен немесе штамппен міндettі түрде жабылады.

68. Жұмыс күнінің соңында кассир кассалық кіріс және шығыс ордерлері негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес күн ішіндегі кассалық айналымдар мен

құндылықтар қалдықтары туралы жиынтық анықтама жасайды және оның қорытындысын бухгалтерлік есептің деректерімен салыстырады. Салыстыру тарату комиссиясының бас бухгалтері мен кассирдің қолдарымен расталады.

69. Тарату комиссиясы қалма-қол ақшаның жылжуы мен мақсатты пайдаланылу есебі үшін осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша кассирмен қабылданған және берілген ақшаның (құндылықтардың) есеп кітабын (бұдан әрі - касса кітабы) жүргізеді, ол нөмірленуі, тігілуі және мөрмен жабылуы тиіс. Касса кітабындағы парақтар саны төрағаның, бас бухгалтердің және кассирдің қолымен расталады.

Ескеरту. 69-тармакқа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

70. Касса кітабында өшіруге, келісілмеген түзетулерге жол берілмейді. Қате түзетілген жағдайда "Түзетілді" деген жазба жасалады да, ол түзетілген күні көрсетіліп, тарату комиссиясы кассирінің және бас бухгалтердің қолдарымен расталады.

Касса кітабын дұрыс және уақтылы жүргізуді бақылау тарату комиссиясының төрағасының бұйрығымен бас бухгалтерге жүктеледі.

71. Күн сайын жұмыс күнінің соңында кассир күн ішіндегі операциялардың (кіріс және шығыс бойынша) қорытындысын есептейді, қалма-қол ақшаның қалдығын, сондай-ақ касса кітабындағы басқа құндылықтардың келесі күнге қалған қалдығын шығарып, кассирдің, бас бухгалтердің және төрағаның қолдарымен расталады.

72. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығы мен бухгалтерлік есеп деректері арасында алшақтықтар болған жағдайда, бас бухгалтер бұл туралы алшақтық себептерін анықтау шараларын көру үшін дереу тарату комиссиясының төрағасына хабарлайды. Артық шығу немесе кем шығу расталған жағдайда акт жасалады.

73. Касса жинақталған соң кассир касса құжаттарын қалыптастырады және жинақтап тігеді. Қалыптастыру кезінде кассалық құжаттар баланстық шоттар (нөмірінің өсу тәртібімен) бойынша және кіріс және шығыс бойынша жеке-жеке іріктеледі. Мемориалдық құжаттар баланстан тыс шоттардың нөмірі бойынша басында кіріс, содан соң шығыс деп іріктеледі.

74. Касса құжаттары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей әр күн үшін жеке папкаларға қалыптастырылады. Жинақталып тігілген құжаттардың жинақталған деректері саналады және күн ішіндегі касса айналымы туралы жиынтық анықтама деректерімен салыстырылады.

Жауапты қызметкерлер қол қойған кассалық және мемориалдық кіріс және шығыс ордерлерінің күн ішіндегі кассалық айналымдары туралы анықтамалар кассалық құжаттардан бұрын, папканың басына орналастырылады.

75. Тарату комиссиясының төрағасы белгілеген, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес мерзімде қолма-қол ақшаны толық қайта санау арқылы (банкнотты - парактап, монеталарды - топтамалар бойынша) және басқа құндылықтардың болуын тексеру арқылы кассаға ревизия жасалады. Кассаны ревизиялау өндірісі үшін төрағаның бүйрекімен акт жасаушы комиссия тағайындалады.

76. Ревизия барлық құндылықтарға тексеру жүргізу және құндылықтар мен ақшаны талан-таражға салу және кем шығу мүмкіндігін жасыра алмайтын бір ізділік бойынша жасалады. Кассада кем шығу немесе артық шығу анықталған жағдайда актіде кем шығу немесе артық шығу сомасы, олардың пайда болу жағдайлары көрсетіледі.

6-тарау. Активтерді басқару және шағымдарды қарау

77. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының активтеріне жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті мүлкі, құндық бағасы бар мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының басқа да талаптары кіреді және тарату, конкурстық массасын қалыптастыруға негіз болады.

Тарату, конкурстық массаға таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының меншік құқығына жатпайтын, оның ішінде сенімгерлік басқаруда немесе сақтауда тұрған мүлік кірмейді.

78. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы осы Ережеге және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті қызметкерлерін қатыстыра отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкіне (активтеріне), жеке шоттарына, жинақтаушы зейнетақы қорының шарттарына түгендеу жүргізуге, сондай-ақ баланстық шоттардың және меморандум шоттарының барлық қалдықтарын салыстырып тексеруге міндетті. Түгендеу нәтижелері бойынша акт жасалады.

79. Түгендеу жолымен анықталған жинақтаушы зейнетақы қорының барлық активтері тарату массасына енгізілуі тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорын таратудың басында оның балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтер жинақтаушы зейнетақы қорының аралық тарату балансында көрсетілуі тиіс.

80. Тарату комиссиясы мүлікке баға беру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны(ларды) тарта отырып, таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін бағалайды (зияткерлік меншік объектілерін,

материалдық емес активтер құнын қоспағанда).

Тарату комиссиясы барлық мүлікке баға беруді бір мезгілде не мүліктің бөлігін сатуды қажеттілік шарасы бойынша жүргізеді.

Баланстық құнына тәуелсіз жылжымайтын мүлікті бағалау үшін, бірлігі үшін бір мың айлық есептік көрсеткіштен астам баланстық құны бар жылжитын мүлікке баға беру үшін бағалаушыны таңдау конкурс (тендер) өткізу жолымен жүзеге асырылады, оның қорытындысы бойынша ең тиімді шарттарды (көрсеткен қызметі үшін төлем мөлшері, бағалауды жүргізу мерзімі, бағалаушының филиалдық желісінің болуы және өзге де шарттар) ұсынған бағалаушыға артықшылық беріледі. Конкурс (тендер) өткізудің шарттарын тарату комиссиясының төрағасы анықтайды және республикалық немесе облыстық мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Тарату комиссиясы елуден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі баланстық құны бар жылжитын мүліктің бірлігін бағалауға бағалаушыны таңдауды баға жөніндегі ұсыныстарды сұрату жолымен жүзеге асырады.

Баланстық құны елу айлық есептік көрсеткіштен кем болатын бар жылжитын
мүлік бағалаң байды.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

81. Жинақтаушы зейнетақы қоры дебиторларының таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының алдындағы берешектерін өтеуі - мүлікті беруі, оның ішінде сот шешімін орындау үшін берген күнгі мүлікті бағалау актісі болған жағдайдаған жүзеге асырылады.

82. Мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін орын алған, Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртібімен аралық тарату балансы бекітілгенге дейін орындалуы және құжаттамалық ресімделуі аяқталмаған таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры қатысатын мәмілелер жасалмаған болып есептеледі.

83. Тарату комиссиясы тарату массасын толтыру үшін дебиторлық берешек өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізуге міндетті.

84. Мүліктік құқығы және заңды мүддесі соттың жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдауы нәтижесінде бұзылуы ықтимал заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорларымен дауларды тікелей реттеу мақсатында оның тарату комиссиясына жазбаша шағым береді.

Кредитор жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясына растайтын құжаттардың көшірмелерімен бірге жазбаша өтініш береді.

85. Кредиторлардың талаптарында талаптың мөлшері (негізгі борыштың мөлшері туралы жеке, сыйақы (мұдде), тұрақсыздық айыбы және басқа айыппұл санкциялары, шығындар, талаптың негізdemесін және мөлшерін растайтын құжаттар туралы мәліметтер және талаптың мөлшері (күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы және басқалары) болуы тиіс.

86. Шағым (өтініш) жинақтаушы зейнетақы қоры мен кредитор арасында жасалынған шартта басқа мерзім келісілмеген жағдайда, оны алған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуы тиіс.

87. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы шағымды (өтінішті) қарau кезінде қойылатын талаптың зандалығын және оның негізділігін тексеруі к е р е к .

Егер шағымға (өтінішке) қаралуға тиісті қажетті құжаттар қоса берілмесе, онда олар өтініш берушіден почтамен жіберілген жолдағы уақытты санамағанда кемінде 5 жұмыс күні болатын беру мерзімімен сұратып алынады. Талап етілген құжаттар көрсетілген мерзімде алынбаған жағдайда шағым (өтініш) қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

88. Шағымды (өтінішті) алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізделген талабын тануға және жазбаша түрде шағымды (өтінішті) қарau нәтижелері бойынша хабарлауға міндettі.

Шағымға (өтінішке) берілетін жауапта мыналар көрсетіледі:

1) шағым (өтініш) берушінің және жауап беретін тарату комиссиясының толық атауы, почталық деректемелері, жауап берілетін шағымның (өтініштің) күні және номері ;

2) шағымды (өтінішті) толық немесе ішінара таныған жағдайда, танылған сома көрсетіледі, егер ол ақшалай бағалауға жатқызылмаса, не шағымның (өтініштің) мерзімі және қанағаттандыру әдісі көрсетіледі;

3) шағым (өтініш) толық немесе ішінара ауытқыған жағдайда - шағымның (өтініштің) ауытқуына негізделген тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сүйенген ауытқу себептері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттардың және басқа дәлелдемелердің тізбесі.

89. Шағым (өтініш) толық немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге шағыммен (өтінішпен) қоса берілген құжаттар қайтарылуы тиіс, сондай-ақ шағымды (өтінішті) қабылдамауға негіз болатын құжаттар өтініш берушіде жоқ болса, олар жіберіледі.

90. Кредиторға жауап арнайы немесе бағалы хатпен, хаттың жіберілуін белгілейтін басқа байланыс құралдарымен жіберіледі.

91. Шағымды (өтінішті) беруге арналған мерзім жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы хабарландыру баспада жарияланған күннен бастап есептеледі және екі айдан кем болмауы тиіс.

92. Шағым (өтініш) беру, сондай-ақ барлық ұсынылған шағымды (өтінішті) қарау мерзімі аяқталғаннан кейін, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы бір айлық мерзімде активтерді және міндеттемелерді түгендеу нәтижелерін ескере отырып, аралық тарату балансын жасайды, мұнда таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкінің құрамы, кредиторлар берген шағымдар мен өтініштердің тізбесі, оларды қарау нәтижелері және жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторларынан талап етілмеген берешектері, кредиторлардың талаптарының тізілімі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Филиалдары және (немесе) өкілдіктері бар жинақтаушы зейнетақы қорларының аралық тарату балансы филиалдар мен өкілдіктердің аралық тарату баланстарын ескере отырып жасалады.

93. Шағым (өтініш) берген кредитор бір мезгілде жинақтаушы зейнетақы қорының борышкөрі болса, онда тарату комиссиясы шағымды (өтінішті) қарау кезінде ұсынылған құжаттарға сәйкес аралық тарату балансы бекігенге дейін кредитор мен борышкердің бір тұлға болып дәл келуі барысында өзара талап ету сынағын өткізу туралы мәселені қарайды және пайда болған айырма сомасын аралық тарату балансына енгізеді.

Аралық тарату балансы бекігеннен кейін өзара талап ету сынағы осы кредитордың талабын қанағаттандыру жөніндегі тиісті кезегі келген кезде ғана жасалады.

94. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын және оған қосымшасын, оның ішінде кредиторлар талабының тізілімін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының есеп пен қосымша ақпаратты ұсыну нысандары, мерзімі және кезеңділігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2004 жылғы 15 наурыздағы № 71 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2802 тіркелген) бекітілген нысандар бойынша жасайды.

Ескеरту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

95. Аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі жасалғаннан кейін тарату комиссиясы оларды уәкілетті органға бекітуге ұсынады .

96. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олардың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында

кредиторлардың талаптарының тізілімін жасайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілікке сәйкес болуы тиіс.

Кредиторлар талаптарының тізілімінде әр кредитор туралы, ақша жөніндегі міндеттемелер және/немесе міндетті төлемдер туралы, әрбір талаптың кезектілігін қанағаттандыру туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кредиторлардың талаптарының тізіліміне даусыз болып табылатын, белгіленген мерзімде көрсетілген және тарату комиссиясы таныған кредиторлардың талаптары кіреді.

Таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының ағымдағы шотына берілген, занды күшіне енген сот шешімдері бойынша орындау құжаттары кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына беріледі.

Орындау құжаттары танылған талаптар деп табылады және орындалмаған сома мөлшерінде кредиторлардың тізіліміндегі тиісті кезекте есептеледі.

97. Таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының міндеттемелері бойынша есеп айырыулар "Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-2-бабы 7-2-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда, аралық тарату балансы және оның қосымшалары уәкілетті органда бекітілгенен кейін ғана жүзеге асырылады.

7-тарау. Таратылатын жинақтаушы зейнетакы қоры кредиторларының комитеті

98. Кредиторлардың мұдделерін қамтамасыз ету мақсатында және жинақтаушы зейнетакы қорын мәжбүрлеп тарату кезінде олардың қатысуымен шешім қабылдау үшін кредиторлар комитеті құрылады.

99. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қалыптастырады, оған тарату комиссиясының төрағасы қол қояды және дереу бекітуге уәкілетті органға жіберіледі. Кредиторлар комитеті құрамының тізімі осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша тарату комиссиясымен жасалады.

Ескеरту. 99-тармаққа езгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

100. Кредиторлар комитетінің құрамы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 51-бабында көзделген тәртіппен кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген мейлінше көп талап ету сомасы бар кредиторлар арқылы әр

кредиторлар кезегінен бір өкіл арқылы қалыптасады.

Тарату комиссиясы мұндай кредиторларға осы кредиторлардың тарату өндірісіне қатысу үшін кредиторлар комитетінің құрамына енгізу туралы
д е р е к т е р ж і б е р е д і .

Кредитордың жазбаша келісімі болған жағдайда ол кредиторлар комитетінің
құрамына енгізіледі.

Кредиторлар комитетінің құрамына таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызыметкерлері, сондай-ақ, жекелеген кредиторлардың мұдделеріне зиян келтіретін не басқалардың артықшылықтарын білдіретін іс-қимылдар жасауын, тарату рәсімдерін жүзеге асыру кезіндегі жүктелген міндеттерді орындаған немесе тиісінше орындаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісінің(лерінің) болуын белгілеуге қатысты осының алдында банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссияларының төрағасы немесе мүшесі болып табылған кредиторлар өкілдері енгізілмейді.

Ескеरту. 100-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

101. Кредиторлар комитетіне енгізілген кредиторлар саны үш адамнан кем б о л м а у ы т и і с .

Кредитор кредиторлар комитеті жұмысынан бас тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мейлінше көп талап ету сомасы бар келесі кредиторына ұсыныс жібереді.

Кредиторлар комитеті мүшесінің талабы толық қанағаттандырылған жағдайда ол кредиторлар комитетінің құрамынан шығарылады. Мұндай жағдайда тарату комиссиясы кейін уәкілетті органға бекітуге кредиторлар комитетінің тізімін ұсына отырып, кредиторлар комитеті құрамын өзгерту жөнінде жұмыс жасайды.

Ескерту. 101-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

102. Тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің барлық мүшелерін комитеттің бірінші мәжілісі өтетін орын мен күн туралы хабардар етеді.

Кредиторлар комитетінің бірінші мәжілісі кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Кредиторлар комитеті бірінші мәжілісінде дауыс беру рәсіміндегі тең дауыс алу кезінде шешуші дауыс алу құқығы берілетін комитет төрағасын сайлайды. Кредиторлар комитетінің төрағасы комитеттің жұмыс жоспарын жасайды және бекітеді.

103. Кредиторлар комитетінің одан кейінгі мәжілістері комитет белгілейтін тәртіп пен мерзімде шақырылады.

104. Кредиторлар комитеті:

1) жинақтаушы зейнетақы қорын тарату барысында жасалатын барлық құжаттармен танысуга;

2) кредиторлардың құқықтары мен мүдделерін бұзу туралы шағымын қарауға қатысуга;

3) жинақтаушы зейнетақы қорын тарату барысында кредиторлардың құқықтарын, заңды мүдделерін және Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын бұзушылықтар, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшелерінің өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны туралы уәкілетті органға және сотқа хабарлауға;

4) тарату комиссиясының әрекетіне сотқа және уәкілетті органға шағым жасауда;

5) мүлік сату бойынша аукциондарды және тарату комиссиясының мәжілісін қоса алғанда, кез келген тарату рәсімі болған кезде қатысуға құқығы бар комитет кредиторлары мүшелерінің ішінен кредитордың өкілдерін сайлауға;

6) тарату комиссиясынан таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйі туралы ақпарат беруді талап етуге;

7) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорынан өндіріп алуға мүмкін емес дебиторлық берешектің көлемін бекітуге;

8) тарату комиссиясы берген жинақтаушы зейнетақы қорының тарату, конкурстық массасын жүзеге асыру жоспарын бекітуге;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын ескере отырып, тарату комиссиясының төрағасына және (немесе) мүшелеріне, сондай-ақ тартылған қызметкерлерге төленетін қосымша төлемдердің мөлшерін қоса, тарату шығыстарының сметасын бекітуге;

10) алғынның тасталды

11) тарату комиссиясының жинақтаушы зейнетақы қорының балансынан мүлікті есептен шығару туралы актіні бекітуге құқылы.

Ескеरту. 104-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен .

104-1. Кредиторлар комитеті жоқ болған жағдайда, сондай-ақ осы Ереженің 104-тармағымен көзделген функцияларды, өкілліктерді жүзеге асырмаса, тарату комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

Ескерту. 104-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

105. Кредиторлар комитетінің мәжілісі хаттамамен ресімделеді. Кредиторлар комитетінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады.

106. Жинақтаушы зейнетақы қорының барлық қалған кредиторлары кеңес беру дауысы құқығымен кредиторлар комитетінің мәжілісіне қатысуға құқылы.

8-тaraу. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

107. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторларының талаптарын, оның ішінде банкрот болуына байланысты қанағаттандыру Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңың 45-бабы 7-тармағының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктегінде белгіленген тәртіп пен кезектілік бойынша аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап жүргізіледі.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

108. Әрбір кезектің талабы осының алдындағы кезектің талаптары толық қанағаттандырылған соң барып қанағаттандырылады.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі бір кезекті қанағаттандыруға жетпеген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасы және мүлкі (өзгесі) осы кезектің кредиторлары арасында қанағаттандырылуы тиіс талаптар сомасына теңбе-тең кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес б ө л і н е д і .

Ескерту. 108-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

109. Кезектілік бойынша кезек келген жағдайда кредитордың талабы Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарама-қайшы келмейтін тәсілмен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) есеп айырысудың терең-тендігін сақтай отырып, мүлікті, оны бағалау құны бойынша заттай беру арқылы, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының баланстық және баланстан тыс шоттарындағы дебиторлық берешек бойынша қанағаттандырылуы м ұ м к і н .

Ескерту. 109-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

110. Тарату комиссиясы талаптарды (өтініштерді) ұсыну үшін белгілекен мерзім өткеннен кейін тарату комиссиясы таныған, бірақ тарату балансын бекіткенге дейінгі кредиторлар талаптары, кредиторлар талаптары тізіліміне енгізілмейді, басқа кредиторлық берешек ретінде жеке баланс шотында ескеріледі және белгіленген мерзім ішінде анықталған кредиторлар талаптарын қанағаттандырығаннан кейін қалған борышкег мүлкінен қанағаттандырылады.

Тарату комиссиясының талаптарды (өтініштерді) ұсыну үшін белгілекен мерзімі өткеннен кейін белгілі болған және тарату комиссиясы танымаған кредиторлар талаптары кредитордың ұсынған талаптарының қанағаттандырылғандығы және олардың кредиторлар талаптары тізіліміне тиісті кезекке қойылғандығы жөніндегі сот шешімі негізінде ғана енгізіледі.

Ескеरту. 110-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

111. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан не оларды қараудан бас тартқан жағдайда кредитор жинақтаушы зейнетақы қорының тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясының атына сотқа шағым береді.

Кредиторлардың белгіленген мерзімде өтініш жасаған, бірақ тарату комиссиясы танымаған, оларды қанағаттандыру туралы сottың шешімі бар талаптары кредиторлармен есеп айырысу үшін белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады. Аталған талаптар толық қанағаттандырылғанға дейін есеп айырысу жасалған кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезегі уақытша тоқтатылады.

112. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі жеткіліксіз болған жағдайдағы, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейінгі кредиторлардың шағымдарын (өтініштерін) қанағаттандырмау өтелген болып есептеледі.

Кредиторлардың тарату комиссиясы танымаған, егер кредитор сотқа шағым бермеген болса және сот шешімі бойынша кредиторлардың талабын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайдағы талаптары өтелген болып есептеледі.

113. Тарату комиссиясы таныған және кредиторлардың талап ету тізіліміне енгізілген кредитордың міндеттемелерін, шағымдарын (өтініштерін) орындау мүмкін болмаған жағдайда тарату комиссиясы кредиторға төленбекен соманы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен нотариустың депозитіне аударады.

114. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлармен есеп айырысуы аяқталғаннан кейінгі мүлкін тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

9-тaraу. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сату тәртібі

1-параграф. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сату бойынша аукционды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

115. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорында бар ақша кредиторлар мен акционерлердің талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сатуды осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 115-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

116. Тарату комиссиясының тәрағасы мүлікті сату туралы шешімін, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сату Жоспарын таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитеті бекітеді.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сату Жоспарын кредиторлар комитеті бекіткенге дейін тарату комиссиясының тәрағасы соынан мүлікті сату жөнінде жасалған жұмыс туралы кредиторлар комитетіне есеп бере отырып, таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сата алады.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорында кредиторлар комитеті болмаған жағдайда мүлікті сату жөніндегі шешім, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сату Жоспарын тарату комиссиясының тәрағасы бекітеді және мәлімет беру үшін уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 116-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

117. Мүлікті сату іске асыру Жоспарына сәйкес сауда-саттықтағы жариялышық, ашықтық және жетімділік принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Тарату комиссиясы аукциондар өткізу кезінде осы Ереженің 150-тармағында көзделген жағдайдан басқа жағдайда сауда-саттықты жүргізу әдісін (ағылшын немесе голланд) тандауды дербес жүзеге асырады.

118. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының бір мүлік бірлігі үшін жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын бағалау құны бар үйлерін, ғимараттарын, өзге жылжымайтын мүлік объектілерін, көлік құралдарын олардың құнына қарамай, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының өзге мүлкін

сату тек қана жария сауда-саттық (аукцион) арқылы жасалуы тиіс.

Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының бір мүлкін бірлігі үшін жұз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар өзге мүлкін жария сауда-саттық арқылы емес, сатып алу-сату шартын жасау жолымен, бірақ бағалау құнынан төмен емес бағамен сатуы мүмкін.

Бағалау құны мүлкітің бірлігіне жұз айлық есептік көрсеткіштен кем емес жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкі бағалау құнынан кем емес баға бойынша осы мүлкіті алуға ниет білдірген тұлғалар жоқ болған жағдайда ғана және кредиторлар комитеті мүлкіті сату бағасын бекіткеннен кейін бағалау құнынан төмен баға бойынша сатылуы мүмкін.

Баланстық құны елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес мүлкітің бірлігін тарату комиссиясы кредиторлар комитеті бекіткен баға бойынша жария сауда-саттық жүргізбестен сатуы мүмкін.

Ескерту. 118-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

119. Таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сату алдындағы дайындық шараларына мыналар кіреді:

1) Таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкінің құрылымын қайта қарау (сегментация, шоғырландыру) және нәтижесінде объектіні сату анықталатын лоттарды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны(ларды) таңдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

3) таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен бағалау;

4) таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сату туралы хабарландыруды жариялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

5) таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сату жоспарын кредиторлар комитеті қарауы және бекіту үшін дайындау және ұсыну;

6) тартылып отырған жеке немесе заңды тұлғамен сауда-саттық жүргізу жөнінде қызмет көрсету туралы шарт жасасу.

Ескерту. 119-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

120. Сату жоспарында сатылатын объект туралы ұсыныстар және олардың жан-жақты сипаттамасы, бағалау құны, бастапқы (және сауда-саттықтың голланд әдісі кезіндегі барынша төмен) сату бағасы және сауда-саттықты жүргізу кезеңі және әдісі туралы мәліметтер болады.

Ескерту. 120-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

Ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

121. Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сатуды осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес, мынадай талаптар мен мақсаттарды негізге ала отырып жүргізеді:

- 1) сатылып отырған мүлікке бағаны осы аймақтағы мүліктің осыған ұқсас түрлеріне беріліп отырған нарықтық бағадан кем емес бағаны белгілеу;
- 2) мүлікті мейлінше жоғары бағамен сату;
- 3) мүлікті сату кезінде шығындарды кеміту.

122. Сауда-саттықты ұйымдастыруши таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сату туралы хабарландыруды аукцион өткізілетін күнге дейін кем дегенде он күнтізбелік күн бұрын республикалық немесе облыстық мерзімдік баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялады.

Аукцион ол туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізіледі. Әрбір жеке аукционға баспасөз басылымында жеке хабарландыру беріледі.

Ескерту. 122-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

123. Сауда-саттықты жүргізу туралы ақпараттық хабарламада мыналар болады:

- 1) сауда-саттықты жасау күні, орны және уақыты;
- 2) мүлкі сатылуға қойылып отырған таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының атауы және тарату комиссиясының мекен-жайы;
- 3) қойылатын лоттардың сипаттамасы (мазмұны);
- 4) әрбір лот бойынша сауда-саттық жүргізу әдісі;
- 5) сатуға қойылған лоттардың бастапқы және барынша төмен бағалары;
- 6) кепіл жарнаны енгізу мөлшері, мерзімі және тәртібі, сатушының дөректемелері;
- 7) өтінімдерді қабылдау орны, уақыты және мерзімі;
- 8) сату объектісімен танысу күні, уақыты және орны;
- 9) сату объектісін сатып алу жөніндегі төлем талаптары;
- 10) сауда-саттықты жүргізу ережелерімен танысу және өзге де ақпараттар алуға болатын мекен-жай және телефондар;
- 11) сатушының шешімі бойынша басқа қосымша ақпарат.

124. Сауда-саттықты ұйымдастыруши сауда-саттық өткенге дейін әрбір қатысушыға оның тіркелген сәтінде берілетін аукционға қойылатын әрбір лоттың ұсақ-түйегіне дейін сипаттама берілген аукцион картасын дайындайды.

125. Ақпараттық хабарландыру жарияланғаннан кейін сатушы аукционды ұйымдастыру және өткізу және сату объектісі туралы ақпаратты алуға тілек білдірушілердің барлығының еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

126. Сатушиның функциясына мыналар кіреді:

1) кепіл жарналарын қабылдау;

2) аукционды жүргізу барысына бақылауды жүзеге асыру;

3) сауда-саттық жеңімпазымен сатып алу-сату шартын жасау және оны б а қ ы л а у ;

4) қатысуышылар мен сатып алушылардың есеп айырысуын жүзеге асыру.

127. Аукционға қатысуға осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен жеке және занды тұлғалар жіберіледі.

128. Аукционға қатысуға таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының бұрынғы басшы қызметкерлеріне, сауда-саттықты жүргізуі ұйымдастырушуға, тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлары болып табылатын тұлғаларға қ а т ы с ү ғ а ж о л ж е р і л м е й д і .

Ескерту. 128-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

129. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының аукцион арқылы сатып отырған мүлкін сатып алуға тілек білдірген тұлғалар кепіл жарна енгізеді.

Ескерту. 129-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

130. Аукционға қатысу үшін кепіл жарна барлық таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін бірдей мөлшерде белгіленеді және әрбір сату объектісі үшін оның бастапқы бағасының бес проценті болады.

131. Кепіл жарна қатысуышының мынадай міндеттемелерін қамтамасыз ету б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамасына қол қою;

2) сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес сатып алу-сату ш а р т ы н ж а с а у ;

3) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау.

132. Қатысуышылар кепіл жарнаны кез келген санда енгізуі мүмкін. Бір кепіл жарна сауда-саттыққа қатысу және ол кепіл жарна енгізген нақты бір лотты сатып алу құқығын береді.

133. Кепіл жарнаны қатысуышының атынан осы Ереженің 128-тармағында көрсетілген тұлғалардан басқа кез келген жеке немесе занды тұлға енгізуі мүмкін . Кепіл жарнаны алушы сатушы болып табылады.

134. Сауда-саттықта жеңіске жеткен және сатып алу-сату шартын жасаған қатысуышының кепіл жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша есептелетін төлемдердің шотына есептеледі.

135. Сатушы кепіл жарнаны мынадай жағдайларда қайтармайды:

1) аукцион өткенге дейінгі үш күн ішінде аукционға қатысудан бас тартса;
2) сауда-саттық жеңімпазы сауда-саттықтың қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан не сатып алу-сату шартын жасаудан бас тартқан жағдайдада;

3) қатысуышының оның қорытындысымен келіспей, негізсіз сауда-саттық қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартуы;

4) сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындауы немесе тиісінше орындауы.

136. Барлық басқа жағдайларда кепіл жарналар аукцион аяқталғаннан кейін бес банктік күннен аспайтын мерзімде, ал егер сатушының банктік шотына ақша аукционнан кейін түскен болса, онда олар түскен күннен бастап бес банктік күн ішінде қайтарылады.

137. Аукционға қатысуышыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жасалады және аукционның басталуына бір сағат қалғанда аяқталады.

138. Аукционға қатысуши ретінде тіркелу үшін мыналарды беру қажет:

1) аукционға қатысудың белгіленген нысан бойынша өтінімді;
2) жеке басты куәландыратын куәлікті немесе жеке басты куәландыратын
өзге құжатты;
3) кепіл жарнаның енгізілгендігін раставтын төлем құжатының немесе кіріс
ордерінің көшірмелерін;
4) сауда-саттыққа қатысуши өкілінің өкілеттігін раставтын құжатты;
5) заңды тұлғалар қосымша жарғының, заңды тұлғаның тіркелгендігі туралы
куәліктің нотариатта куәландырылған расталған көшірмелерін береді.

Ескерту. 138-тармаққа өзгерісу енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы төрағасының 2007.05.28 N 155 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) қаулысымен.

139. Аукционға қатысуышыларды тіркеу сатушы ерікті нысанда жүргізетін сауда-саттыққа қатысуышыларды тіркеу журналында тіркеледі.

140. Тіркеуден өткен тұлға аукцион болатын күні аукцион нөміріне айырбасталатын қатысуши билетін алады. Аукцион нөмірін сауда-саттық барысында басқа тұлғаның пайдалануына тыйым салынады.

141. Аукционға қатысуышының мынадай мүмкіндіктері бар:

1) сауда-саттыққа жеке немесе өз өкілдері арқылы қатыса алады;
2) ақысыз қосымша мәліметтер алуға, сауда-саттыққа шығарылған сату

объектісі туралы нақтылауға;
3) сауда-саттықтағы сатылып жатқан сату объектісін алдын-ала қарастаға;
4) оның құқықтары бұзылған жағдайда сотқа шағым жасауға;
5) осы Ереженің 135-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепіл жарнасын қайтаратып алуға;
6) аукционға қатысу жөніндегі өзінің өтінімін, бұл туралы сатушыға жазбаша хабарлай отырып, қайтарып алуға.

142. Аукционға кіріс билетін төлеген барлық ықылас білдірушілер қатыса алады. Кіру билетін сатушы дербес белгілейді, бірақ ол билеттің бір ең төмен есептік көрсеткішінен аспауы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аукцион қатысушылары, уәкілетті органның және кредиторлар комитетінің өкілдері кіру билеттерін төлеуден босатылады.

143. Сатушы былай жасай алмайды:

- 1) қатысушыдан аукционға қойылған лоттар қатарынан соны немесе мынаны сатып алғысы келетіндігі туралы ақпаратты талап етуге;
- 2) сауда-саттыққа дайындық кезінде және оны өткізу кезеңінің барысында сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жария етуге;
- 3) аукционға қатысушылардан осы Ереженің 138-тармағында аталғандардан басқа, қатысушы ретінде тіркелу үшін қосымша құжаттар ұсынуды талап етуге.

144. Аукционды сауда-саттықты ұйымдастырушы өткізеді. Аукцион сату объектісінің қысқаша сипаттамасы, лоттың бастапқы (барынша төмен) бағасы, бағаның өзгеру қарқыны және сауда-саттықты жүргізу әдісі көрсетілген жүргізу ережелерін хабарлаудан басталады. Қатысушы тұлғалар аукционның барысына ықпал ете алмайды немесе оны жүргізу тәртібін бұза алмайды, керісінше болған жағдайда олар аукцион өтіп жатқан залдан шығарылып жіберілуі мүмкін.

145. Сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастырушы сауда-саттықты жүргізу барысында қадамын жариялай отырып өзгертуі мүмкін. Қадамын өзгерту сатылатын объектінің бастапқы бағасының бестен бастап онға дейінгі проценті шегінде белгіленеді.

146. Сауда-саттықтағы лоттарды рет-ретімен қою туралы шешімді сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастырушы қабылдайды. Бұл тәртіп аукцион картасында белгіленген тәртіппен сәйкес келмеуі мүмкін.

147. Аукционға бірнеше лоттарды шығарған кезде әрбір лот бойынша сауда-саттықтың әртүрлі әдістерін жасауға жол беріледі.

148. Сауда-саттық төменде сипатталған екі әдістің бірі бойынша жүргізіледі:

- 1) сауда-саттықтың ағылшын әдісі бойынша сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастырушы лоттың бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын жариялады. Қатысушылар нөмірлерін көтеру арқылы сауда-саттыққа қатысушылар бастапқы бағаны көтере береді, бірақ ол жарияланған қадамнан

кем болмауы керек. Сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруышы сауда-саттықта лот бойынша қатысушылардың аукциондық нөмірлерін жариялады, бағаны бекітеді және оны көтеруді ұсынады. Лот бойынша сауда-саттық барынша жоғары ұсынылған баға дейін жүреді. Лотқа барынша жоғары баға ұсынған қатысушы сауда-саттықты ұйымдастыруышы арқылы жарияланады. Сауда-саттықты ұйымдастыруышы лоттың соңғы бағасын ұш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған жағдайда балғаны ұрып, сауда-саттықтың жеңімпазын және осы лоттың сатылғандығын жариялады.

Ағылшын әдісі бойынша жүргізілген сауда-саттық мынадай жағдайда өткен жоқ

д е п

е с е п т е л е д і :

сауда-саттыққа қатысуға ұсыныс білдірушілерден өтінім болмаған жағдайда;

сауда-саттыққа қатысуға тек бір ғана өтінім берілуі;

сауда-саттыққа қатысушылардың келмеуі;

сауда-саттық жеңімпазының сауда-саттық хаттамасына қол қоюдан бастартуы немесе сатып алу-сату объектісі бойынша сатушымен одан әрі есеп айырысу

тәртібінің

бұзылуы;

2) сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруышы лоттың бастапқы және барынша төмен бағасын жариялады және жаңа бағаны жариялай отырып, жарияланған қадам бойынша оны төмендетеді. Сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруышы баға жарияланғандағы ең бірінші аукциондық нөмірін көтерген қатысушы нөмірін атайды, лоттың соңғы бағасын ұш рет қайталайды, және басқа нөмірлер көтерілмеген жағдайда, балғаны ұру арқылы сауда-саттықтың жеңімпазын және осы лоттың сатылғандығын жариялады. Осы баға сауда-саттыққа қойылған лоттың барынша төмен бағасынан төмен болуы тиіс емес.

Сауда-саттыққа голланд әдісі бойынша бірінші рет қойылып отырған лоттың ең төменгі бағасы мүлікті бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда) тарта отырып, тарату комиссиясы белгілеген соңғы баға құнының 80%-дан төмен болмауы керек. Сауда-саттыққа голланд әдісі бойынша екінші рет және бірнеше рет қойылып отырған лоттың ең төменгі бағасы мүлікті бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда) тарта отырып, тарату комиссиясы белгілеген соңғы баға құнының 50%-нан төмен болмауы керек.

Егер бағаны жариялаған сэтте екі немесе одан көп нөмір бір мезгілде көтерілген жағдайда, сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруышы бағаны реттелген қадам шегі бойынша жеңімпаз анықталған сәтке дейін көтере береді. Голланд әдісі бойынша сауда-саттықта жарияланған қадам белгіленген қадамға

тәң, бірақ өсу жағына қарай. Егер бағаны көтеру кезінде нөмірлерін бір мезгілде көтерген сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы мүлікті көтерілген баға бойынша сатып алуға ықылас білдірмесе, онда сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруши жеребе тарту рәсімін қолданады.

Жеребе тарту нөмірлерін бір мезгілде көтерген сауда-саттыққа қатысушы тұлғалардың сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастырушиның конверттердің біріне "женімпаз" жазуы бар парагы, ал басқасындағы (олардағы) таза парақ салып дайындаған конверттерінің бірін суырып алу арқылы жасалады. Сауда-саттық женімпазы болып "женімпаз" жазуы бар парал болған конвертті суырып алған сауда-саттық женімпазы болып танылады.

Сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруши лоттың барынша төмен бағасын жариялау кезінде қатысушылардың ешқайсысы осы лотты сатып алуға тілек білдірмеген жағдайда лот сауда-саттықтан алынып тасталады.

Голланд әдісі бойынша жүргізілген сауда-саттық мынадай жағдайда өткен жоқ деп есептеледі:

сауда-саттыққа қатысуға ұсыныс білдірушілерден өтінім болмаған жағдайда;

сауда-саттыққа қатысуға тек бір ғана өтінімнің берілуі;

сауда-саттыққа қатысушылардың келмеуі;

сауда-саттық женімпазының сауда-саттық хаттамасына қол қюдан бас тартуы немесе сатып алу-сату объектісі бойынша сатушымен одан әрі есеп айрысу тәртібінің бұзилуы.

Егер, сауда-саттық жасалмаған жағдайда, Сауда-саттықты ұйымдастыруши жасалмаған сауда-саттық туралы хаттаманы жасайды.

Ескерту. 148-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

149. Аукцион оған екіден кем емес қатысушы қатысқан жағдайда өткізілді деп есептеледі.

150. Аукционға бірінші рет қойылған мүлікті сату сауда-саттықтың тек қана ағылшын әдісі бойынша жүргізіледі.

151. Осы Ережеде аты аталған аукцион өткізудің кез келген бір әдісі бойынша сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда, сатушы таратылатын жинақтаушы зейнетакы қорының мүлкін сату жоспарына өзгерістер енгізеді. Мүлікті сату жоспарына енгізілген өзгерістерді кредиторлар комитеті, ал ол болмаған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы бекітеді және уәкілетті органға жіберіледі. Өзгерістерде сатылатын лоттардың өзге құрылымы және (немесе) өзге бастапқы (барынша төмен) бағасы болады.

152. Сауда-саттықты жүргізу кезінде бір сатып алушы қатысатын мүлікті сату жоспарына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, сауда-саттықты жүргізетін

ұйымдастыруыш ұсынылып отырған лотты бір ғана қатысушыға ағылшын әдісі бойынша бастапқы бағадан төмен емес, голланд әдісі бойынша барынша төмен бағадан кем емес бағамен сатады.

153. Сол күні әрбір сатылған лот бойынша сауда-саттықтың нәтижесі сауда-саттықтың нәтижесі туралы хаттамамен ресімделеді, оған сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастыруыш, сауда-саттық жеңімпазы және сауда-саттықтың соңында әрбір лот бойынша барлық қатысушылар қол қояды. Сауда-саттыққа қатысушыларға кепіл жарна сауда-саттықтың қорытындысы туралы хаттамаға қол қойған жағдайда ғана қайтарылады. Хаттамаға қол қоймаған сауда-саттыққа қатысушы оның қорытындысымен неге келіспейтіндігін жазбаша негіздең береді.

154. Сауда-саттық қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан сауда-саттық жеңімпазы одан әрі аукционға қатысу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда осы объектідегі сауда-саттық жаңаланады.

155. Сауда-саттық қорытындысы туралы хаттама сауда-саттық жеңімпазының және сатушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шарттың жасайтын сауда-саттық қорытындысы мен міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

156. Аукцион өткеннен кейін үш күн ішінде шарттың мәні, тараптар құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сату объектісінің түпкілікті бағасы, төлем шарттары, тараптар деректемелері, сондай-ақ сатып алушы мен сатушы қол қоятын, тараптар арасында жасалатын сауда-саттық объектісін қабылдау-өткізу актісін жасайтын тараптардың көздеуі бойынша өзге талаптар көрініс табатын сатып алушы мен сатушының арасында сатып алу-сату шарты жасалады.

2-параграф. Сауда-саттыққа қатысушылар арасында есеп айырысуды жүргізу тәртібі

157. Сатып алушы мен сатушы арасында сатып алу-сату шартын жасағаннан кейін бес банктік күннен кешіктірмей сатып алушы шартта көрсетілген соманы сатушының ағымдағы шотына аударады және растама ретінде оған тиісті төлем құжатының көшірмесін ұсынады.

158. Сатып алушы аукционда сатып алынған мүлік үшін қажетті төлемді осы Ереженің 157-тармағымен белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, сатушы осы шарттың талаптарында көзделген біржақты тәртіппен сатып алу-сату шартын бұзады. Сатып алушы енгізген кепіл жарна оған қайтарылмайды және осы мүлік сауда-саттыққа екінші рет қойылады. Сатып алушының сату объектісі үшін төлем енгізбеген кездегі жауапкершілігі оның сатушымен жасалған сатып алу-сату шартында көзделеді.

10-тарау. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мұрағатқа құжаттарын сақтауды және беруді үйымдастыруға қойылатын талаптар

159. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы есеп беру, сақталуы тиіс құжаттарды ресімдеу мен сақтауды қамтамасыз ету, оның ішінде мұрағатты және құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тарату комиссиясының қызметіне байланысты мәселелер бойынша жинақтаушы зейнетақы корларына қойылатын барлық талаптарды орындауды қамтамасыз етеді.

160. Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының құрамы өзгерген жағдайда сақталуы тиіс істерді және құжаттарды тарату комиссиясының жаңа құрамына (оның жеке мүшелеріне) қабылдау-беру таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының істерін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі негізінде жасалады.

161. Жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі нәтижесінде пайда болған құжаттардың сақтау мерзімі көрсетілген тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы» 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 377 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3422 тіркелген) белгіленеді.

Ескеरту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

162. Истер мен құжаттардың сақтау мерзімін есептеу іс жүргізу аяқталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қантарынан басталады.

163. Сақтауға жатқызылмайтын құжаттарды жою мұрағатты және құжаттаманы басқару жөніндегі тиісті органның сараптамалық-тексеру комиссиясымен келісіліп, тарату комиссиясының төрағасы бекіткен актімен ресімделеді.

164. Құжаттарды тиісінше ресімдемей және келіспей жоюға, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құжаттарды сақтау мерзімін бұзуға жол берілмейді.

165. Таратылған жинақтаушы зейнетақы қорының жинақтаушы зейнетақы қорын тарату толық аяқталу сәтінде сақтау мерзімі өтпеген, уақытша сақталуы тиіс құжаттары уәкілетті органның аймақтық өкілдіктеріне қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

166. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тұрақты сақталуы тиіс

құжаттары тиісінше ресімделеді және уәкілдегі мемлекеттік органның мұрағатты және құжаттаманы басқару органына беріледі.

167. Истерді мұрағаттық сақтауға беруге дайындау кезінде құжаттардың есебі мен сақталуын ұйымдастыруға жауапты тұлға тізімдемеге енгізілген істердің ресімделуінің, қалыптасуының және істер санының сәйкестігінің дұрыстығын, таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының іс номенклатурасына сәйкес расталған істер санын тексереді. Құжаттарды беру тізімдемелер бойынша жүзеге асырылады және актімен ресімделеді.

Егер таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттарын өндеудің жай-күйі және сапасы тиісінше жағдайда болмаса, онда тарату комиссиясы оны тәртіпке келтіруді ұйымдастырады.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттарын сақтауды ұйымдастыру жөніндегі шығыстар таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен жүргізіледі.

11-тaraу. Таратуды аяқтау

168. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысуы аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы сотқа уәкілдегі органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату өндірісінің аяқталғандығы туралы ұйғарым шығарады.

169. Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, сондай-ақ уәкілдегі органға жібереді.

170. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін тоқтатуды тіркеу оларды мәжбүрлеп тарату кезінде Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

170-1. Жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтатуды тіркегеннен кейін тарату комиссиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілдегі органға жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтатуды тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 170-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

171. Тарату комиссиясының өкілеттігі жинақтаушы зейнетақы қорының таратылуын тіркеу туралы әділет органының бұйрығын алғаннан кейін, жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттарын мұрағатқа сақтау үшін

тапсырғаннан кейін және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлағаннан кейін тоқтатылады.

12-тарау. Қорытынды ережелер

172. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына сәйкес шешілуі тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорларын
мәжбүрлеп тарату ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

ЖЫЛҒЫ — ТОҚСАНҒА
тарату шығыстарының сметасы

таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

N	Шығыстар бабы атауы	Жоспарланған шығыстар сомасы (мың теңгемен)
1	2	3
Ай		
1	Еңбекке ақы төлеу шығыстары	
1.1	Тарату комиссиясы төрағасының, мүшелерінің еңбегіне, сондай-ақ еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары	
	лауазымды жалақы сомасы	
	жеке табыс салығы сомасы	
	міндettі зейнетақы жарнасы сомасы	
1.2	Өтмелі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тартылған қызметкерлердің еңбектеріне ақы төлеу шығыстары	
2	Бюджетке ақша аудару жөніндегі шығыстар	
	әлеуметтік салық	
	әлеуметтік аударымдар	
	мұлікке салынатын салық	
	көлік құралдарына салынатын салық	
	жер салығы	
	қосылған құн салығы	
	жер участкесін пайдалану төлемі	
	коршаган орта эмиссиясы үшін төлем	
3	Әкімшілік шығыстар	

	кызметтік және шаруашылық қажеттіліктерге көлік жалдау жөніндегі кызмет көрсетулер
	байланыс кызмет көрсетулері
	үйлер мен ғимараттарды күзету және сигнализация жөніндегі кызмет көрсетулер
	көлікті күзету жөніндегі кызмет көрсетулер
	көлікке арналған тұрақты ұсыну жөніндегі кызмет көрсетулер
	көлікті тіркеу жөніндегі кызмет көрсетулер
	көлікті техникалық қарau жөніндегі кызмет көрсетулер
	көлікті сактандыру жөніндегі кызмет көрсетулер
	коммуналдық кызмет көрсетулер
	мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын ағымдағы жөндеу, негізгі қурал-жабдықтарға техникалық, сервистік кызмет көрсету (қарau) жөніндегі жұмыстар
	үй-жайды жалдау
	тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы тіркеу жөніндегі кызмет көрсетулер
	мүлікке баға беру жөніндегі кызмет көрсетулер
	бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі кызмет көрсетулер
	жылу жүйесін қосуға дайындық жөніндегі кызмет көрсетулер
	сантехникалық жұмыстар
	мүлікті сактау жөніндегі кызмет көрсетулер
	мемлекеттік баж салығын төлеу
	нотариатта куәландыру жөніндегі кызмет көрсетулер
	мүлікті тасымалдау, тиеву, түсіру жөніндегі кызмет көрсетулер
	терезелер, есіктерге торкөзді дайындау және қою жөніндегі жұмыстар
	аукциондар өткізу жөніндегі кызмет көрсетулер
	инкассациялық кызмет көрсетулер
	сараптама жасау жөніндегі кызмет көрсетулер
	аудит жүргізу жөніндегі кызмет көрсетулер
	құжаттарды аудару жөніндегі кызмет көрсетулер
	телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру немесе тасымалдау
	өзекті жағдайдағы акционерлер тізіліміне қолдау көрсететін тіркеуші кызметі
	құжаттарды ғылыми-техникалық өндеу жөніндегі кызмет және оларды мұрагатқа тапсыру
	таратуды тіркеу жөніндегі алымды төлеу
4	Тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу шығыстары
	офис жабдықтарын жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау
	көлік құралдарын ұстау
	үй-жайларды ұстау
	қағаз және бланктік өнімдерді сатып алу

	кенсе тауарларын сатып алу
	жанар-жағар май материалдарын сатып алу
5	Іссапарлық шығыстар
6	Көзделмеген шығыстар
Бір айдың қорытындысы	
Бір айдың қорытындысы	
Бір айдың қорытындысы	
Тоқсан ішіндегі барлығы	

Тарату

КОМИССИЯСЫНЫҢ

төрағасы

(тегі, аты, бар болса әкесінің аты) (қойған қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қойған қолы)

Орындаушы

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қойған қолы)

телефон.

Жинақтаушы зейнетақы қорларын
мәжбүрлеп тарату ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

Кассирдің қабылдаған және берген ақшаларын
(құндылықтарды) есепке алу

Кітабы

Басталды: _____

Аяқталды: _____

Кітаптағы жазба оны толық пайдаланғанға дейін жүргізіледі

Kipic

Кімнен қабыл-	Kipic құжат-	Сомасы цифр- мен (валю- та тұ-					Бас бух- гал-
------------------	-----------------	--	--	--	--	--	---------------------

Тұсken күні	данды (фами- лиясы, аты - жөні)	тары- ның саны (бір данада)	рін көрсе- т е оты - рып, бір - лік - пен)	Сомасы жазба- ша	Пайда- лану мақса- ты	Кас- сирдің қолы	тер- дің қолы	Төр- ағаның қолы
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
О с ы күнгі жиынтық	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Шығыс	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
Берілген күні	Кімге беріл- ді (фами- лиясы, аты - жөні)	Шығыс құжат- тары- ның саны (бір данада)	Сомасы цифр- мен (валю- та тұ- рін көрсе- т е оты - рып, бір - лік - пен)	Сомасы жазба- ша	Пайда- лану мақса- ты	Кас- сирдің қолы	Бас бух- гал- тер- дің қолы	Төр- ағаның қолы
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
О с ы күнгі жиынтық	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
О с ы күнгі жиынтық	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

Күеландырылған жазба

20 жылғы " " жазбага арналған
(күні) (айы)

осы кітаптың жиынтығы

(таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

нөмірден бастап _____ нөмірді қосқандағы нөмірленген, тігілген
және мөрмен бекітілген _____ парақтар бар.

(саны жазбаша көрсетіледі)

20 жылғы " "

Төраға _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қолы

Бас бухгалтер _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қолы

Кассир _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қолы

Жинақтаушы зейнетақы қорларын
мәжбүрлеп тарату ережесіне

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

Бекітемін
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Төрайымының орынбасары

" " жылғы

Кредиторлар комитеті құрамының тізімі

(таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

N p/c	Кезектіліктің номірі және атауы	Кредиторлар комитетінің құрамына кіретін таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторының атауы	Кредиторлық берешектің сомасы
1	2	3	4

Тарату

комиссияның

төрағасы

(тегі, аты, бар болса - экесінің аты) (қойған қолы)

Орындаушы

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қойған қолы)
телефон.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК